



АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ КОМИТЕТІ

2026 жылғы 23 қаңтарда жарияланған базалық мөлшерлеме бойынша шешімді талқылау қорытындысы

Комитет мүшелерінің талқылауы 2026 жылғы 22 қаңтардағы базалық мөлшерлеме бойынша болжамаралық шешім қабылдау аясында өтті.

Комитет мүшелерінің қарауына Ақша-кредит саясаты департаментінің қазіргі сыртқы және ішкі экономикалық жағдай туралы ақпараты ұсынылды.

Қазіргі жағдай

Елдегі инфляциялық процестерді талқылау барысында Комитет мүшелері 2025 жылдың қорытындысы бойынша инфляция Ұлттық Банктің болжамына сәйкес келіп, 12,3% деңгейінде қалыптасқанын атап өтті. Өндіріс шығындарының артуы секілді экспорт нарығындағы жоғары бағалардың да әсерінен инфляцияның азық-түлік компоненті үздіксіз қарқын алып тұрғаны Комитет мүшелерінің алаңдаушылығын туғызуда. Азық-түлікке жатпайтын компоненттің және ақылы қызметтер бағасының өсу қарқыны бәсеңдегені 2025 жылдың соңғы айларында жылдық инфляцияның баяулауына ықпал етті. Оған теңге бағамының нығаюы және ТКҚ мен ЖЖМ бағаларының өсуіне Үкіметтің мораторий белгілеуі бірден-бір себеп.

Айлық инфляция (0,9%) және оның орнықты бөлігі (0,8%) жоғары деңгейде қалып отыр. Бұл өз кезегінде проинфляциялық қысым сақталып отырғанын көрсетеді. Халықтың инфляциялық күтулері де өсіп, құбылмалы күйінде қалып отыр.

Қатысушылар сыртқы сектор жағынан қысым проинфляциялық болып отырғанын байқады. Соңғы айларда әлемдік азық-түлік нарықтарында баға біршама төмендегеніне қарамастан, оның деңгейі әлі де жоғары. Ресейде инфляция қатаң ақша-кредит шарттары аясында бәсеңдеп келеді. ЕО-да инфляция тұрақты төмен, АҚШ-та – жоғарырақ. Геосаяси және сауда қақтығыстары аясында айтарлықтай тәуекелдер сақталып отыр.

Комитет мүшелерінің бағалауы бойынша ішкі факторлар жағынан бағаға қысым жоғары. Оған, оның ішінде ұсыныс мүмкіндігінен асып отырған және экономикадағы проинфляциялық аяны қолдайтын орнықты тұтынушылық сұраныс, сондай-ақ реттелетін баға мен ЖЖМ-ның өсуінен жалғасып отырған қайталама әсерлер ықпал етеді.

Базалық мөлшерлеме туралы пікірталас

Қазіргі сыртқы және ішкі жағдайларды қарағаннан кейін Ақша-кредит саясаты комитетінің мүшелері базалық мөлшерлеме туралы мәселені талқылауға көшті. Комитеттің барлық мүшесі талқылау барысында базалық мөлшерлемені 18% деңгейінде сақтау керек деген пікірге тоқталды.

Қатысушылардың пікірінше, инфляцияның динамикасында жекелеген оң өзгерістер байқалады – ол үшінші ай қатарынан бәсеңдеп, Ұлттық Банктің болжамына сәйкес келеді. Осының аясында базалық мөлшерлеме нақты тиімді айырбастау бағамының нығаюымен бірге

ақша-кредит шарттарының жеткілікті деңгейде қатаң болуын қамтамасыз етіп, қазіргі отырыста саясатты қосымша қатаңдату қажеттілігін жоққа шығарды.

Сонымен қатар, Комитет мүшелері инфляцияның баяулауы орнықты үрдіске айнала қоймағанын атап өтті. Бұл, негізінен, ТКҚ мен ЖЖМ бағасын өсіруге қойылған мораторий мен теңге бағамының нығаюы сияқты жекелеген факторлардың әсерімен түсіндіріледі. Инфляциялық процестерде іргелі өзгерістер байқалмайды. Яғни, айлық инфляция қайта үдей бастаған, ал оның орнықты бөлігін сипаттайтын көрсеткіштер әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Осыған байланысты ақша-кредит саясатын жұмсартуға әзір мүмкіндік жоқ.

Кейбір қатысушылар ҚҚС мөлшерлемесінің өсуіне, ТКҚ, ЖЖМ тарифтерінің қайта қымбаттауына, сондай-ақ квазифискалдық ынталандыру шараларына инфляция мен инфляциялық күтулердің қалай әсер ететінін бағалау үшін шешім қабылдауда үзіліс жасау қажет болатынын айтты. Комитеттің кейбір мүшелерінің пікірінше, ҚҚС өсімінің әсері биыл бірінші тоқсанда инфляцияда біртіндеп көріне бастайды. Ал басқа қатысушылар ТКҚ тарифтері мен ЖЖМ бағасын уақытша ұстап тұру шаралары бірінші тоқсанда инфляцияны тежеуді жалғастыратынын алға тартты. Сонымен қатар, жыл басында ақша массасының динамикасы, әдетте, бірқалыпты болады, ал тұтынушылық белсенділік маусымдық негізде төмендейді.

Соған қарамастан, Комитет мүшелерінің басым көпшілігі баға қысымы күшеюі ықтимал деп санайды. Әсіресе, биылғы 2-тоқсаннан бастап реттелетін тарифтер мен ЖЖМ бағасы қайта өссе, бұл үрдіс айқын сезілуі мүмкін. Осыған байланысты монетарлық саясатты қосымша қатаңдату қажет болатынын жоққа шығармайды.

Салық реформасын іске асыру кезінде бизнес пен халықтың оған қалай бейімделетіні Комитетті алаңдатып отыр. Өйткені бұл өзгеріс тек ҚҚС мөлшерлемесінің өсуін ғана емес, оны төлеушілер санын көбейтуді де көздейді. Қатысушылардың пікірінше, реформаның тікелей де жанама әсерін мұқият қадағалау керек. Алдағы тоқсандарда бизнестің жаңа талаптарға қалай икемделетініне мониторинг жүргізу маңызды. Кейбір компаниялар салық жүктемесінің өсуін тауар мен қызмет бағасына қосуы мүмкін. Ал енді бір бөлігі маржаны қайта қарау арқылы бейімделуі ықтимал.

Монетарлық саясатты жүргізуде сақтықты талап ететін белгісіздік факторларының бірі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жүзеге асыратын экономиканы монетарлық қолдау ауқымды бағдарламасы. Оның параметрлері мен форматы республикалық бюджетті шоғырландыру нәтижесінде қалыптасатын инфляцияны тежеу әсерін әлсіретіп, бағаға түсетін қысымды қайта күшейтуі мүмкін.

Сыртқы ортадағы белгісіздік сауда және геосаяси қақтығыстарға да байланысты болып отыр. Шиеленістің күшеюі сыртқы инфляциялық жағдайдың нашарлауына әкеліп, әлемдік экономиканың тұтастығы бұзылу процестерін жеделдетуі мүмкін. АҚШ пен Еуропа арасындағы қатынастардың нашарлауы әлемдегі экономикалық белсенділіктің баяулау қаупін арттырады. Бұл жаһандық шикізатқа, соның ішінде мұнайға деген сұраныстың төмендеуіне әкеліп, энергия көздерінің бағасының өсуін тежеуі мүмкін. Өз кезегінде, әлемдік азық-түлік, әсіресе астық бағасы жоғары деңгейде қалып отыр. Ал Қара теңіз аймағынан орындалатын жеткізілімдердің үзілу қаупіне байланысты бидай қымбаттап келеді.

Тарифтік және салықтық реформаларды іске асыру және ЖЖМ нарығын ырықтандыру жағдайында инфляциялық күтулер ұзақ уақыт бойы жоғары және құбылмалы болып қалуда. Жекелеген қатысушылардың пікірінше, жоғары инфляциялық күтулер инфляцияның баяулауына кедергі келтіре отырып, тұтыну белсенділігін қосымша қолдайды.

Ішкі тұтыну сұранысы әлі де тұрақты. Дегенмен, тұтынушылық сұранысты қаржыландыруда негізгі көздің бірі саналатын бөлшек кредиттеу динамикасында оң өзгеріс байқалады. Осылайша, қабылданған шаралардың арқасында жаңа кепілсіз тұтыну кредиттерін

беруде өсім қарқыны айтарлықтай баяулады. Кейбір қатысушылар қабылданған шаралардың дезинфляциялық әсері одан әрі күшейіп, соның нәтижесінде тұтынушылық сұраныс қалыпқа келеді деп күтеді.

Қатысушылардың пікірінше, ағымдағы отырыста базалық мөлшерлемені сақтау инфляцияның төмендеу траекториясын қолдау үшін және проинфляциялық тәуекелдерге жол бермеу үшін қажет. Мұндай шешім Комитеттің алдыңғы коммуникациясымен және оған сәйкес қалыптасқан нарықтық болжамдармен келісіледі.

Ақша-кредит саясатының бұдан кейінгі бағытын талқылау кезінде Комитет мүшелерінің көпшілігі 2026 жылғы бірінші жартыжылдықта базалық мөлшерлемені ағымдағы деңгейде сақтау туралы белгіні қолдау қажет деген пікірге келді. Бұған риториканы өзгерту үшін себеп болатын факторлардың жоқ болуы негіз болады – инфляция аясы айтарлықтай жақсармады, ал проинфляциялық факторлар мен тәуекелдер әлі де өзекті.

Талқылау барысында Комитет мүшелері 2026–2028 жылдарға арналған макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасы мен Инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі кешенді шаралардың тиімділігін бағалау маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ Комитет инфляция мен инфляциялық күтулердің алдағы динамикасына қатысты деректерді жинақтап, тәуекелдерді жан-жақты талдау және бағалау үшін уақыт қажет деген тұжырымға келді.

Талқылау қорытындысы бойынша Комитет базалық мөлшерлемені +/- 1 п. т. дәлізімен жылдық 18% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Инфляцияны төмендету және инфляциялық күтуді тұрақтандырудың орнықты үрдісін қалыптастыру үшін ұстамды қатаң ақша-кредит шарттарын сақтау қажет. Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі 2026 жылғы бірінші жартыжылдықтың соңына дейін сақталу ықтималдығы жоғары. Алайда инфляция төмендеуінің орнықты үрдісі болмаған жағдайда ақша-кредит саясаты қатаңдатылуы мүмкін.

Жариялау күні: 2026 жылғы 4 ақпан